

**Қортынды эмтихан бағдарламасы «Базалық шет тілі (А1 деңгей)»
2024-2025 оқу жылына арналған**

Факультет: Шығыстану

Кафедра: Қытайтану

Мамандық коды мен атауы: «6В02302 Аударма ісі (шығыс тілдері)», 1 курс,

Оқытушы: Қалиолла А.

Өткізу формасы: дәстүрлі- жазбаша

Платформа: ИС Univer

Емтихан формасы – офлайн

Алматы 2024

Қорытынды бақылау жазбаша емтихан түрінде жүреді. Оқитын базалық шет тілінің заңдылықтары негізінде тілдің фонетикалық, грамматикалық, лексикалық құрылымдарын және заңдылықтарын білу. Шет тілінің ауызша және жазбаша қарым-қатынасы негізінде игерген білімдерін нақты жағдаятта қолдану. Сөйлеуге дағдылану барысында таңдап алынған материалдың маңыздылығы, ғылымның замануи деңгейіне сәйкестігі, толықтығы мен жеткіліктілігі, қиындығы, жүйелілігі мен кешендігі ескеріле отырып, негізгі мақсатқа – оқу үрдісі жетістіктерін жоспарланған шеберлік деңгейі мен дағды көлемімен салыстыруға көңіл бөлінді.

1. Қорытынды емтихан бағдарламасы

Жалпы сұрақтар төмендегі тақырыптарға сәйкес күрделілік деңгейі бойынша 3 топқа бөлінген: жеңіл, орташа, күрделі. Бірінші сұраққа 25 бал, екінші сұраққа 35 бал, үшінші сұраққа 40 бал.

Қорытынды емтиханға арналған тақырыптар:

1. Оқитын тілдегі түрлі мәтін түрлерін мазмұндау, сөз мағынасын түсіну және жеткізу.
2. Белгілі бір тақырып бойынша сөздер, сөз тіркестері мен фразеологиялық оралымдарды пайдалана отырып, диалог, монолог құрастыру
3. Өз ойын шет тілінде ауызша дұрыс әрі дәлелді түрде тұжырымдау.
4. Сөйлеу барысында тіл құрылымының мағынасын ғылыми түрде құрастыру.
5. Электронды сөздіктерді қолдана отырып, сөздер мен сөйлемдерді аудару.
6. Тілдің морфологиялық және синтаксистік құбылыстарын талдау, әр түрлі деңгейдегі тілдік құбылыстарды ана тілінде және базалық шет тілдерінде салғастыру әдістерін меңгеру.

Әдебиеттер тізімі:

1. 王绍美. 轻松汉语。中级汉语听力。北京语言大学出版社。2019年。
2. 常用汉语部首。华语教学出版社。2017年
3. 发展汉语。中级口语。北京语言大学出版社。2017年
4. 中级写作教程。北京语言大学出版社。2018年
5. С.В.Шарко. Практический курс грамматики китайского языка. Нобель Пресс, 2019ж
6. 常用汉语部首。华语教学出版社。2017年
7. 初级口语。北京语言大学出版社。2019年

ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ – 2 сағат

Емтихан оқытушы мен студенттерге алдын ала белгіленген емтихан кестесі бойынша өткізілуі маңызды. Студент емтихан белгіленген уақыттан бұрын келіп, емтиханға қажетті заттарын тиянақтауы тиіс. Емтихан басталғаннан кейін, өзінің құжатын көрсетіп, келу парағына белгіленіп, сосын тиісті конверттен емтихан билетін алып, келу парағында көретілген орынға отыруы тиіс. Емтихан уақытында аудиториядан шығуға, тыйым салынған заттарды пайдалануға, көшіруге, қасындағылармен сөйлесуге тыйым салынады. Тапсырма орындалып болған соң, жұмысын өткізіп шыға беруге болады. Студенттің орындаған тапсырмасы белгіленіп, шифрлану арқылы альтернатив оқытушымен тексеріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Бағалау шарты: оқу нәтижелерін дескрипторларға қатысты бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру). «өте жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материал бойынша терең жан-жақты білім; қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын түсіну; сабақтас пәндердің негізгі ережелерін нақты білу; емтихан билетінің барлық сұрақтарына логикалық, дәйекті, мазмұнды, толық, дұрыс

және нақты жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын еркін меңгеру;
-«жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материалды, қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын дұрыс түсінуді толық және толық білу; қойылған сұрақтарға дәйекті, дұрыс, нақты жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткілікті меңгеру;
-«қанағаттанарлық» бағалау - негізгі бағдарламалық материалды түсінудегі берік білім; қойылған сұрақтарға дұрыс, өрескел қатесіз жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткіліксіз меңгеру;
-«қанағаттанарлықсыз» баға - билет сұрақтарына дұрыс емес жауаптар; жауаптағы өрескел қателер; баяндалатын сұрақтардың мәнін түсінбеушілік; сенімсіз және дұрыс емес жауаптар.